



28.06.2024 **ШЕШІМ**

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
193/24-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп
және кәсіпкерлік мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
есебі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) есебі назарға алынсын.

2. Тұрақты комиссияға Тұрақты комиссия қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмысты күшейту ұсынылсын, оның ішінде:

Астана қаласы әкімдігі құрылымдық бөлімшелерінің бюджетті сапалы атқаруға, бюджет қаражатын игеруге, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешекті төмендетуге бағытталған шараларды қабылдау және мәселелерді қарау;

бюджеттік процесті жақсартуға, оны стратегиялық, дәйекті жоспарлауға және Астана қаласының бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын тиімді пайдалануына бағытталған іс-шараларды өткізу;

Астана қаласының аумағында өнеркәсіпті, кәсіпкерлікті, оның ішінде туристік қызметті, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті және т. б. дамытуға бағытталған мәселелерді қарау;

елорда халқы көтеретін проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған мәселелерді қарау.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов